

Қарағанды Мемлекеттік Техникалық Университет

А.Н. Даниярова атындағы
өнеркәсіптік көлік кафедрасы

Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережесі

**Мамандығы үшін
5В090100 – Тасымалды ұйымдастыру,
қозғалысты басқару**

**Құрастырған: аға оқытушы Адилова Н.Д.,
аға оқытушы Бектурова Б.Б.**

Қарағанды 2010 ж.

Дәріс тақырыптары

- 1 Жолаушылар тасымалдын ұйымдастыру
- 2 Қол жүктерінің өткізілу шарттары
- 3 Жүк тасымалын ұйымдастыру
- 4 Тасымалға алынатын жүктер ережесі
- 5 Теміржол көлігінде жүктер тасымалдау ережелері
- 6 Жүктерді қайта бағыттау ережесі
- 7 Жүктерді беру ережесі және жүктерді түсіру мерзімдері
- 8 Жүк қабылдаушының, жүк жөнелтушінің, теміржолдың жауапкершіліктері

Тақырып 1 Жолаушылар тасымалдын ұйымдастыру



Жолаушы – жол жүру құжаты (билеті) бар, пойызбен жол жүретін жеке тұлға.

Жолаушыларды тасымалдау оларды отырғызу және түсіру жұмыстары жүргізілетін барлық теміржол станциялары мен аялдау пункттері бойынша жүзеге асырылады.

Жолаушылар пойызына жолаушыларды отырғызуда олар арнайы тағайындалған жол жүру құжаты (билеті) және жеке куәлігін көрсетуі қажет. Жолаушылар жолға шығу алдында жүру құжатында мәліметтердің дұрыстығын тексеру керек.

Егер жолаушының тегі көрсетілген жүру құжатында (билетінде) көрсетілмесе немесе өзгертілсе, жеке куәлігіндегі тегімен сәйкес келмесе жолаушылар пойызға отырғызуға жіберілмейді. Осындай жол жүру құжаттарына ақшаның қайтарылуы Ережеде көрсетілген жағдайлар мен тәртіп бойынша іске асырылады.

Әрбір жолаушы жолаушы вагонында бір орынды иеленеді. Жолаушының сұранысы бойынша орынның көп мөлшерде бос болуына байланысты ұйықтау бөлменің жеке купеде және купелік вагонда ұсынылуы мүмкін. Мұндай жағдайда жолаушы толық тариф бойынша купедегі жалпы санының бағасын төлейді.

Жолаушы пойызыдың жүру маршруты бойынша жолаушы оталары үшін ашық болып табылатын кез-келген станцияға дейін кез-келген сатылы пойыз бен вагонға жүру құжатын ала алады. Егер жолаушыға қажетті станцияға дейін тікелей пойыз болмаған жағдайда, оған басқа станциядан (қайта отырғызу пунктінен) бос орынның бар болуына байланысты екінші жүру құжаты рәсімделуі мүмкін. Бұл жағдайда жолаушы купедегі жалпы орын санына байланысты толық тариф бойынша жол төлемін төлейді.

Жеңілдіктерге құқығы бар және қайта отырғызумен, яғни жол жүру барысында бір пойыздан басқасына отырғызумен жүретін

жолаушының жеңілдікті (тегін) жол жүру құжатында (билетте) бастапқы стациясының билеттік кассирінің белгілеуімен оның бастапқы мен соңғы станцияға дейінгі станциялар және аралықтағы қайта отырғызу пункттері көрсетіледі. Жол жүру (поездка) жолаушылар пойызының жүру маршруты бойынша үш қайта отырғыздан көп емес болатын қысқа жол бойынша рәсімделеді. Қайта отырғызу (пересадка) пунктінде әрі қарай жол жүру үшін берілетін жеңілдікті (тегін) жүру құжаты осы пунктке (станцияға) дейінгі берілген, яғни қолданылған жол жүру құжатына ауыстырылады.

Жолаушылардың жол жүруі жүру құжатында көрсетілген станциядан басталуы керек.

Әрбір жолаушыда жол жүру құжаты (билеті) (оның ішінде абонименті), оны жүру уақытында сақтап және талап еткен тұлғаға, яғни бақылаушыға көрсетуі және Ережеге сәйкес қабылданаған талаптарды сақтауы қажет.

Басқа тұлғаларға жүру құжатын беруге жол берілмейді.

Вагон жолсерігі жолаушыларды отырғызу кезінде жүру құжатын (билетін) сол құжаттағы берілгендер мен жеке куәлігіндегі берілгендердің (аты, жөні, тегі) сәйкестігін, сонымен қатар қол жүктерінің белгіленген мөлшері мен өлшемінің сақталуын тексереді.

Жолсерік жолаушыларды вагондарға отырғызу кезінде жүру құжатын (билетін) шығары салушылардан алуды ұмытпауын, сонымен қатар жолда жүру құжаты жоқ жолаушыларды жолға шығармауын және белгіленген мөлшерден салмағы және өлшемі артық болатын қол жүктерінің өткізілуіне жол бермеуі тиіс.

Жөнелту пунктiнен басқа, барлық станцияларда жүру құжаты (билет) бар жолаушыларды отырғызу пойыздың кез-келген вагонына жүргізіледі. Жолсерік жолаушыларға сәйкесінше жол жүру құжаты бар вагондарға өткен жағдайда көмек көрсетулері қажет.

Барлық пойыздарда (аралықадан және ішкі хабалау пойызынан басқасы) және вагондарда (жалпы қаттыдан басқа) бүкіл формалы жол жүру құжаттар, жылдық қызмет көрсету және талондық билеттер, сонымен қатар бақылау купоны «слипа» жодың соңына дейін осы пойызда вагон жолсерегінде сақаталады.

Жолаушыларды жолсерік вагондарға отырғызар кезде жол жүру құжатының жартылай жиналғаннан кейін жол жүру құжатының 1 сантиметрден кем емес бүгілген бұрыштың жоғарғы жағы үзіледі.

Вагон жолсерігімен сақталуға алынған жол жүру құжатын жолсерік жоғалтып алған жағдайда, пойыз бастығы (механик-бригадирі) тез арада акт құрып, онда вагон жолаушысы, жолсерік, пойыз бастығы (механик-бригадир) қол қойып және станция штемпелімен расталады. Осы актінің негізінде аялдау уақыты 10 минуттан кем емес жақын арадағы станция бағалық торсыз (без ценовой сетки) қол технологиясы бойынша жаңадан жол жүру құжатын жолаушының жүру жолындағы соңғы

станциясына дейін береді және осы құжаттың кері жағында «Жоғалған орнына» («Взамен утерянного») белгісі көрсетіледі.

Жолаушының әрі қарай жолын пойыз бастығы (механик-бригадир) немесе вагон жолсерігі касса билетінде жолаушының қатысуынсыз рәсімдейді.

Жол жүру құжатының жоғалғандығы туралы құрылған актіде пойыз нөмірі, құрамның жазылған орны көрсетіледі. Ал егер ақылы кері жол жүру құжаты жоғалған жағдайда сәйкесінше пойыз және вагон категориясы көрсетіледі.

Егер бірреттік (разовая) тегін билеттер жоғалса, онда актіде келесілер көрсетіледі: билет формасы, билет бойынша жол жүріп келе жатқан тұлға саны, билет иесінің қызметтік куәлікпен расталған жұмыс орны.

Жолаушы пойызында (халықаралық және облысаралық теміржол қатынасында) жолаушылар вагонда жол жүру құжатында көрсетілген орынды иеленеді.

Егер жол жүру құжаты (билет) аралық станциядан алынса, онда вагонда орын көрсетілмейді.

Жолаушы пойыздарында темекі тарту вагонның арнайы жерінде рұқсат етіледі.

Халықаралық және облысаралық қатынасында пойызбен (вагонмен) жүргенде арнайы жататын орындарда төсек жабдықтарымен қамтамасыз етіледі.

Медициналық көмек қажет жолаушыларға вокзалда (станцияда) орналасқан емдеу-медициналық ұйымдастыру (пунктерінде) қызметкерлері жедел түрде медициналық көмек көрсетеді. Емдеу-медициналық ұйымдарының (пункттерінің) жұмыс уақыты ішкі нұсқалармен басқарылады.

Егер жолаушы әрі қарай жол жүруі мүмкін болмай, жолаушының жолда өзін жаман сезінген жағдайда (ауру кезінде) оны пойыздан жақын арадағы станцияның ұйымына (пунктіне) жедел түрде медициналық көмек көрсету үшін пойыздан түсіріледі. Құжаттарды рәсімдеу және төлемақыны қайтару сәйкесінше Қазақстан Республикасының жолаушыларды, багажды және жүкбагажды тасымалдау Ережесіне сәйкес жүргізіледі.

2 тақырып Қол жүктерінің өткізілу шарттары



Жолаушы өзімен бірге салмағы 35 килограммнан аспайтын бір толық және үш өлшемінің қосындысы (100x50x50) 200 сантиметрден аспайтын балалар жол жүру құжатымен қол жүгін ақысыз түрде тасымалдайды. Қол жүгін жолаушыларға арналған орындарда сонымен қатар орындықтар арсынан өтетін жерлерде, дәлізде, вагон аумағында (тамбурда) орналастыруға рұқсат етілмейді. Сонымен қатар үш өлшемінің қосындысы (100x50x50) 200 сантиметрден жоғары болатын қол жүгіне жатпайтын ірі габаритті жүктерді тасымалдауға рұқсат етілмейді.

Тасымалдауға арналған қол жүгін өлшеу үшін станцияда (вокзалда) арнайы салмақ өлшегіштер орнатылады. Өлшеуші қол жүгін Ережеде қабылданған салмақ пен мөлшеріне сәйкес келуін өлшейді, тексереді. Салмақ пен мөлшердің қабылданған мәнге сәйкес келген жағдайда жол жүру құжатының кері жағына қол жүгін тасымалдау туралы белгілеу енгізіледі.

Жолаушы өзімен бірге жоғарыда қабылданған норма бойынша қол жүгін тасымалдауда, яғни портфель, әйелдер сөмкесін, бинокльді, шаңғы және оның таяғын, фотоаппаратты, транзисторлы радиоқабылдағышты, қол шатырын және басқа да ұсақ заттарды ақысыз түрде тасымалдайды.

Сәбилер арбашығының, байдаркалардың жинақталмаған (в разобранном) түрде алыс және жергілікті пойыздарда жолаушының қол жүгінің нормасына сай және өз өлшемдері бойынша вагондардағы қол жүгі үшін арналған орындарға орналасатын қол жүктерін өткізуге рұқсат етіледі.

Жолаушылар ауданаралық және ішкі қатынастар пойызында қабылданаған нормаға сәйкес қосымша өзімен бірге 50 килограммдық қол жүгін қабылданған төлемақы реті бойынша және тасымалдаушының қабылдауымен тасымалдауға мүмкіндігі бар.

Қаламаңындағы пойыздарда қол жүгі ретінде тегін тасымалдауда қалыпты баллондардағы көлемі 5 литрлі

тұрмыстық қолданыста қолданатын техникалық жағынан жұмыс жағдайындағы қауіпсіз тасымалды қамтамасыз ететін пропан-бутан газы; балалар арбашықтары; оралған, қапталған күйдегі өсімдіктер және басқа да отырғызу материалдары жіберіледі. Мұндай жүктің әрбір орны салмағы бойынша 18 килограммнан, ал биіктігі бойынша 1,5 метрден аспауы тиіс.

Қаламаңындағы пойыздарда жиналмаған түрдегі велосипедтің ақылы өткізу үшін вагон алаңында (тамбурда) бірден артық саны болмауы қажет.

Карантин жарияланған аудандарда аталған тасымалдау жұмыстары жүзеге асырылуы иеленуші карантиндік құжаттарды көрсеткеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Вагонды немесе басқа да жолаушылардың жүктеріне қауіп төндіретін немесе ластанғанда, сонымен қатар қарумен, өртке қауіпті, улы, жеңілжанатын, қалдық жүктерін тасымадауға болмайды.

Алыс қашықтықты және жергілікті пойыздарының купелік және СВ вагондарында, сонымен қатар ішкі қатынастағы және ауданаралық пойыздардың барлық вагондарында бір жүру құжатынан артық

болмайтын теледидар мен радиоқабылдағыштарды тасымалдауға айрықша жағдайда рұқсат етіледі.

Жергілікті, алыс қашықтықты немесе ауданаралық және ішкі қатынастағы пойызында әр тасымалданған теледидар мен радиоқабылдағыш үшін ақы оның салмағына тәуелсіз (үш өлшемінің қосындысы 100 сантиметрден аспайтын азгабаритті, портативтілерден басқасы) 30 килограммдық жүк үшін жүк тарифы бойынша алынады.

Тасымалдауды рәсімдеу ЛУ-12а формалы есеп қағазы (квитанция) бойынша есептеледі (1 қосымша).

Ерекше абайлауды қажет ететін жүктер, яғни теледидарлар, радиоқабылдағыштар, магнитофондар және басқа да құрылғылар ереже бойынша жеке орындарда, ал ірігабаритті – жол жүру құжаты бойынша жолаушылар орын алатын орындарда орналастырылады.

Жолаушылар вагондарында ірігабаритті теледидарлар мен басқа да құрылғылар купенің кіру есігінің еніне сәйкес келмесе, бұл жүк тасымалдауға жіберілмейді.

3-тақырып Жүк тасымалын ұйымдастыру



Теміржол көліктік процесс – бұл ұйымдастырылуы мен технологиялық өзара байланысқан іс-әрекеттер мен оталар және әрекеттер жиынтығы, теміржолда жүктерді тасымалдауды дайындау, іске асыру, аяқтау жұмыстары жүкжөнелуші, теміржол және жүкқабылдаушымен жүзеге асырылатын процесс. Теміржол тасымалы нақты монополияға жататындықтан, бұл оның ерекше даму шартын және теміржол көлігінің функциялануын анықтайды – барлық көліктік процесстің басынан соңына дейін көлік заңнамасымен реттеледі.

Басқару органдары тасымалдау компанияларына және жеке жүкжөнелтушілерге (жүкқабылдаушыға) теміржол көлігінің инфрақұрылымын қолдану бойынша қызмет көрсетеді және оның мазұнын жүзеге асырады.

Теміржол көлігінің инфрақұрылымына келесілер жатады:

- теміржол жолдары, жасанды құрылыстар мен оның құрамалары мен жөнөдуін қамтамасыз ететін бөлімдер;
- станция;
- электрмен қамтамасыз ету жүйелері және құрылыстары;
- сигнализация жүйесі және технологиялық байланыс;
- ақпараттық-басқару кешендері;
- пойыз қозғалысының керегенін құрастыруы бар тасымалдауды басқару жүйесі;
- вагон деполары, вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттері;
- локомотивтер және локомотив шаруашылығы;
- теміржол көлігінде нысандардың, жеке меншіктің, тасымалданатын жүктің күзетін қамтамасыз ету және өртті жою бөлімшелері;
- тасымалдау қызметімен айналысатын ғимарат және құрылыс.

Теміржол көлігінің инфрақұрылымдық көмегін қолданушылардың өзараәрекеттестігі фирмалық көліктік қызмет көрсету жүйесінің негізінде құрылған тік-интегриалданған құрылым арқылы қамтамасыз етіледі. Фирмалық көліктік қызмет көрсету жүйелеріне келесі функциялар енеді:

- маркетингті зерттеу жүргізу;
- өтінішті қабылдау және тасымалдауды жоспарлау;
- тасымалдау мақсатында берілген өтініштердің орындалуын қорытындылау және басқару;
- тарифтік саясаттың жүзеге асырылуы;
- жүктің сапасын, сақталуын және жеткізу мерзімін қамтамасыз ету;
- қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- пайдаланушыларға сервистік және көліктік-экспедициялық қызметті ұйымдастыру.

Теміржол арқылы жүктерді тасымалдау сәйкесінше пойыз қозғалыс графигімен және пойыздарды құрастыру жоспарымен іске асырылады.

Жүктік пойыздардың салмағы мен ұзындық нормасы әр бағыт және әрбір телім бойынша қозғалыс графигі және пойыздарды құрастыру жоспары бойынша орнатылады.

Теміржол арқылы жүктерді жүйелі түрде тасымалдауды ұйымдастыруда жүкжөнелтушілер мен теміржолдың ұзақ мерзімді шарт жасасуға мүмкіндіктері бар. Тасымалды ұйымдастыру шартында жүкті тасымалдауға ұсынылған және көліктік құрылғыларды ұсыну мерзімі, жүк көлемі мен шарты, есептеу реті, сонымен қатар тасымалды ұйымдастыру басқа да шарттар анықталады. Сәйкесінше темір жол шартта белгіленген мерзімде белгіленген көлемдегі жүктерді қабылдауға, ал жүкжөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынуға міндетті болады.

Жүкжөнелтуші (жүкқабылдаушы) өздерінің меншігіндегі вагондарда немесе жалға алынған вагондарда жүкті тасымалдауы мүмкін. Бұған контейнерлік тасымалдау да жатады.

4-тақырып Тасымалға алынатын жүктер ережесі

Жүк оталары үшін ашық теміржол стансаларының жалпы және ақ қолданыстағы алаңдарында жүкті тасымалдауға қабылдау жұмысы іске асырылады.

Мұндай стансалар тізімі теміржол көлігінде тасымалдау және тарифтік ережелер жинағында жарияланады.

Жүкті тасымалдау үшін арнайы өтініштің бар болуы - бұл жүкті тасымалдауға қабылдау бастамасы болып табылады.

Жүкті тасымалдаудың өтініш формасы оны орындау реті тасымалданатын жүктер тізімінің орындалуы (жүк номенклатурасы) теміржол көлігінде республикалық басқарманың орындаушылары қабылдайды және теміржол көлігінде тасымалдау және тарифтік ережелер жинағында жарияланады.

Өтінішке теміржол басқармасының қарастырылуынан кейін келесілер қойылады:

- теміржол басқармасы оның қабылдағанын белгілейді;
- станция бастығының келісімі (визасы) және тиеу уақыты.

Вагондардың коммерциялық мағынасы бойынша және контейнердің нақты жүкті тасымалдауда жарамдылығы келесі қатынаста анықталады:

вагондарды – жеке тиеушісімен (яғни жүкжөнелтушісімен немесе шарт бойынша теміржол орындаушыларымен);

контейнерлерді – жүкжөнелтушісімен.

Жүкжөнелтушісі нақты жүкті тасымалдауда жарамсыз вагондардан немесе контейнерлерден бас тартып қабылдамауға және жарамды вагон немесе контейнерге ауыстыруға талап ету құқығы бар.

Жүкқабылдаушының келісімінсіз бос тазаланбаған вагондарға, контейнерлерге жүкті тиеу жұмыстары жүргізілсе, онда теміржол бекітілген көлемде берілген жүк үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Вагондарда жүкті тиеу анықталады:

-теміржолмен – жүкжөнелтушісі, жүкқабылдаушының келісімі бойынша керекті құрылғылары мен механизмдері бар жалпы қолданыстағы орындарында, мыналардан басқасы:

а) қауіпті және тезбұзылатын жүктер, шикі ет азықтары;

б) салмағы 0,5 тоннадан жоғары бір орынды жүктер және жабық вагондарда тасымалданатын жүктер;

в) габаритті емес жүктер; жүкжөнелтуші, жүкқабылдаушының қызеткерлерінің бірге жүруімен, қатысуымен және арнайы жылжымалы құрамда үйілмелі, төгілмелі тасымалданатын жүктер;

- жүкжөнелтушімен – жалпы емес қолданыстағы, сонымен қатар жалпы қолданыстағы орындарда, егер ол теміржолмен жүкті тиеуді қажет етпеген жағдайда.

Жалпы және жалпы емес қолданыстағы алаңдарда контейнерге жүкті тиеу жалпы ереже бойынша жүкжөнелтушімен іске асырылады.

Жалпы ереже бойынша тиеу үшін керекті бекіту және тасымалдау үшін материалдар, пакеттеу құрылғылары және басқада қажеттіліктер жүкжөнелтушілермен ұсынылады. Тиеу кезінде қосалқы құрылғыларды бекіту тасымалдау шартына сәйкес тиеушімен (яғни жүкжөнелтушімен немесе теміржолмен) жүзеге асырылады.

Өздерінің қасиеті бойынша басқа жүктерді бүлдіруге немесе бұзуға әсер ететін жүктерді бір вагонға тиеуге болмайды. Тайлап-бірленген (тарно-штучный) жүктерді орналастырған кезде есік пен жүк арасындағы қашықтық 25 см кем болмауы тиіс.

Жалпы қолданыстағы орындарға бағытталған және ұзындығы екі метрден асатын жүкті жабық вагондарға тиеу рұқсат етілмейді. Мұндай ерекше жағдайларда, яғни жүкті жалпы қолданыстағы орнынан түсіру жұмыстары жүкқабылдаушымен орындалған жағдайда іске асырылады.

Ашық жылжымалы құрамда тиелген жүк (қаптау және бекітуді қосқанда) габариті АҚ ҰҚ «ҚТЖ» бекіткен тиеу габаритінің аралығында орналасуы керек.

Ашық жылжымалы құрамда жүкті орналастырған кезде оның габариті тиеу габаритінің шегінде орналасытырылмаса, онда АҚ ҰҚ «ҚТЖ» бекіткен тәртіп бойынша тасымалданады.

Тиеу жұмысы аяқталғаннан кейін жүкжөнелтуші қақпақты, жабық және арнайы вагондар тиеу люгін тиелген жүктің қалдығынан тазартады, вагондардағы трафераттық жазуларды сүртеді, вагонның рамасы мен жылжымалы бөлігін тазалайды.

5 тақырып Теміржол көлігінде жүктер тасымалдау ережелері



Жүкті жеткізуді жылдамдату үшін, көліктік және пайдалану шығындарын азайту мақсатында жүк жөнелтуін жөнелту маршруты бойынша жүзеге асыруға болады. Теміржол көлігінде жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру келісімінде жөнелту маршруттары көрсетілуі мүмкін.

Ұйымның кірме теміржолында немесе теміржол келісімімен теміржол станциясында жүкжөнелтушімен құрылған, белгілі ұзындығы мен салмағы бар құрам жөнелту маршруты деп түсіндіріледі.

Жөнелту маршруттарына үшін осындай пойыздарды қайтаөңдеуге арналған кем дегенде бір техникалық станция бос болуы тиіс. Мұндай станция үк пойыздарын құрастырудың қолданыстағы жоспарымен көзделуі тиіс.

Жөнелту маршруты келесідей түрлері болады:

- *тікелей*, бір тағайындалған станцияға бір немесе бірнеше жүкқабылдаушы мекен-жайына (жүктік вагондарды әрбір жүкқабылдаушы жеке топтар мекен- жайында болуы керек) тасымалдау;

- *шашыраңқы* (в распыление), тасымалдау кезінде тарату станциясына жүк пойыздарын құрастыру жоспары бойынша тағайындауымен, немесе шашырату маршрутының жарияланған пункттеріне тағайындалуымен, осы пункттерде түсіру станциясында вагондарға мекен-жайды белгілеу (заадресовка) нақты жүкқабылдаушының мекен-жайына қойылады, немесе жанармай жүктерін қабылдайтын кіру және тарату (распределение) станцияларына тағайындалуымен.

Жүкжөнелтуші жүкқабылдаушымен ұзындығы мен салмағы белгіленген маршруттарды түсіруге қабылдау мүмкіндігін талқылайды.

Әр түрлі теміржолдар бойынша маршруттың созылу түрі бойынша:

- *желілік* – тиеу станциясынан екі не одан да артық теміржолдар шегіндегі тағайындалу станциясына дейін;

- *жолішілік* – бір теміржол шегінде.

Желілік маршруттардың ұзындығы мен салмағы бекітіледі, ал жолішілік – теміржол басқарушысымен немесе оның орынбасарымен. Маршруттың бекітілген ұзындығы мен салмағының мөлшерін теміржол жүкжөнелтушіге хабарлайды.

Станциядағы маршруттардың белгілі бір бағытқа бағытталуы кезінде маршруттардың азаюы жағына пойыз салмағының (сыну пунктері) өзгеруі ядродан және салмақтың сыну пунктіне дейін баратын маршруттың құрамындағы тіркеме бөлігінен ұйымдастырылады.

Ядро – жол бойында пойыз салмағының өзгеруі жағдайында, белгіленген теміржол станциясына дейін қайта құрастырусыз баратын белгіленген салмақтағы жіберу маршрутының негізгі бөлігі. Бұл маршруттардың салмағы мен ұзындығы толық маршрутты даярлаудағыдай тәртіппен жүзеге асырылады.

Мұндай маршруттарға осы маршрутқа тиеуге (түсіруге) берілетін вагондар тәртібі, тағайындалғанға дейінгі салмақ немесе ұзындықты құрастыру, тиеуден (түсіруден) кейін қайта қайыру және тиеуге (түсіруге) технологиялық нормалар кірме жолдарды пайдалану және вагондарды тазалауға беру келісімшартында тағайындалады.

Вагондармен топтық тасымалдауға берілген жүктер ГУ-27 формалы бір жапсырма қағазымен келесі шарттарды сақтай отырып толтырылады:

- жүктер біртекті болуы керек;
- тиеу және түсіру жұмыстары жалпы қолданыстағы емес жолдарда өтуі керек;
- жүктерді жөнелту бір жөнелтуші теміржол станциясындағы (әрі қарай станция) бір жүкжөнелтушімен орындалады;
- жүктерді жөнелту бір жүкқабылдаушыға және бір қабылдау станциясының мекен – жайына бағытталады;
- вагондардың массасы мен саны жол бойында жүкжөнелтушімен, жүкқабылдаушымен немесе темір жолмен өзгертілмейді.

Сонымен қатар, топпен (маршрутпен) жіберілетін жүктерді тасымалдауды толтыру теміржол көлігінде жүктерді тасымалдауға қабылдау ережелерінде көрсетілген тәртіппен ГУ-27у-ВЦ формалы электронды жапсырманы пайдалану арқылы жүзеге асырылу мүмкін.

Ядродан (жіберу маршрутының негізгі бөлігі) және маршруттың тіркеме бөлігіне тұратын жіберу маршруттарын құрастыру кезінде жеке жапсырмалармен маршруттың тіркемелі бөлігінің құрамында, сонымен қатар маршруттың тіркеме бөлігіндегі әрбір жекелеген вагонда болатын вагондардың әрбір тобы, маршруттың ядросы сияқты толтырылады.

Жолсерікпен еріп жүрілетін топтық вагондармен жануарларды тасымалдау бір жапсырма толтырумен жіберуге құқсат етіледі. Бір жапсырмамен жөнелтілген маршруттық немесе топтық жіберілімдегі жүктерді қайта бағыттау, теміржол көлігінде жүктерді қайта бағыттау ережелерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Сонымен қоса, маршруттық немесе топтық жіберілімдегі жекелеген вагондардың қайта бағытталуы тек қана

олардың бастапқыда белгіленген станцияға жеткеннен кейін жүзеге асырылады.

Жол бойында маршруттық немесе топтық (негізгі) жіберілімнен вагондарды ажыратқан жағдайда вагондарды (вагон топтары) ажырату кезінде оның ақаулығы табылған станцияда екі дана жалпы формадағы акт құрылуы тиіс, онда вагонды (вагон тобын) ажырату себебі, сонымен қатар жіберілім нөмірі, жүк белгіленген станцияның және теміржолдың атауы мен коды, жүкжөнелтушінің атауы мен коды, оның почталық мекен – жайы, жүктің атауы және коды көрсетіледі.

Ұсақ жөнелтілім – бір көліктік теміржол жапсырмасымен жіберілетін жүк және оны тасымалдауға жеке вагон немесе контейнер қажет етілмейді. Және де ұсақ жөнелтілімді тасымалдауға ұсынылатын жүктің көлемі мынадан аспау керек:

- вагон сыйымдылығының үштен бір бөлігінен;
- 3, 5, 20 және 24 т масса бруттолы контейнерлер сыйымдылығының (ішкі көлемі бойынша) төрттен бір бөлігінен артық емес.

Тасымалдауға ұсынылатын жүктің жалпы салмағы 20 т-дан аспауы қажет.

Сонымен қатар жүктің бір орнының массасы (пакеттелмеген және пакеттелген, поддонда немесе подкладкада орналастырылған) мынаны құрау керек:

- жабық вагондарда тасымалданатын жүктер үшін, - 20 кг аз емес және 1500 кг артық емес;
- ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктер үшін – 1500 кг аз емес және 10 т артық емес;
- үлкен тоннажды әмбебап контейнерлерде тасымалданатын жүктер үшін, - 1500 кг артық емес, орташа тоннажды әмбебап контейнерлерде – 1000 кг артық емес.

Ұсақ жіберіліммен тасымалдауға ұсынылатын жүктің бір орнының ұзындығы мынадай болуы қажет:

- жабық вагондарда тасымалданатын жүктер үшін, - 2 м артық емес;
- ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктер үшін, - вагондар мен контейнерлерде жүктерді орналастыру мен бекітудің техникалық шарттарына сәйкес;

- әмбебап контейнерлерде тасымалданатын жүктер үшін, - теміржол көлігінде әмбебап контейнерлерде жүктерді тасымалдау ережелерінің талаптарын ескере отырып контейнерлердің ішкі өлшемдерімен сәйкес.

Жүктерді тасымалдау, оның ішінде әмбебап контейнерлерде, ұсақ жөнелтілімдермен тасымалдау осы жөнелтілімдерді қабылдауға және беруге ашық теміржол станцияларының арасында тарифтік басқармаға сәйкес жүзеген асырылады.

Вагоннан, контейнерден түсірілген жүк теміржол көлігінде жүктерді беру ережелерінде белгіленген тәртіппен жүкқабылдаушыға беріледі. Егер жүкті станциядан алып кету өткізу рұқсаты арқылы болса, онда жүкқабылдаушы станцияның тауарлық кеңсесінде берілетін өткізу қағазын станция жұмысшысына көрсетеді. Станция қызметкері жүкқабылдаушының жүкті сақтау (жүктің станцияда оның тегін сақталу мерзімінен асып кеткен жағдайда) ақысын төлегендігіне көз жеткізгеннен кейін оған жүкті автокөлікке тиеуге рұқсат береді.

Жүктерді беру кезінде тараның және қаптаманың бұзылу белгілері болмаған жағдайда жүкқабылдаушының жазбаша келісімімен жол ведомостының екінші жағына жүк ашуға және құрамын тексеруге берілетіндігі туралы жазба жазады. Егер қабылдау станциясында жүктің жағдайын тексеру кезінде, оның салмағында, орын санында жетіспеушіліктер табылса, жүкке зақым келсе (бүлінсе), немесе мұндай жағдайлар жол бойында коммерциялық актпен құрылса, қабылдау станциясынан нақты жетіспеушілік, жүктің зақымдалуы (бүлінуі) мөлшері анықталады, сонымен қатар коммерциялық акт құрылады, ол жүкқабылдаушыға тапсырылады. Экспертиза өткізу қажеттілігі туындаған жағдайда станция өз қалауымен немесе жүкқабылдаушының талабымен эксперттерді немесе сәйкес мамандарды шақырады.

6 - тақырып Жүктерді қайта бағыттау

ережесі



Халықаралық теміржол қатынасында тасымалданатын жүктерді қайта бағыттау ҚР ТЖ бұйрығымен мақұлданған, теміржол көлігінде жүктерді қайта бағыттау Ережелерінде бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады. Қайта бағыттаудың басқа тәртібі халықаралық келісіммен бекітілуі мүмкін.

Жалпы жағдайда жүкжөнелтуші немесе жүкқабылдаушының өтініші бойынша теміржолда тасымалданатын жүктің қайта бағдарлауы тағайындалған теміржол станциясының жүкжөнелтуші тасымал құжаттарында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

Тасымалданатын жүкті қайта бағыттауға өтініш сәйкес жетекшінің мекен – жайына жүкжөнелтуші немесе жүкқабылдаушымен жазбаша түрде (факс, телетайп немесе телеграф арқылы) беріледі.

Тасымалданатын жүкті қайта бағыттау өтінішінде жүкжөнелтуші немесе жүкқабылдаушы сәйкес басшының мекен – жайына жазбаша түрде (факс, телетайп немесе телеграф арқылы) жібереді.

Жүкті қайта бағыттау өтінішінде көрсетіледі:

- вагонның немесе контейнердің нөмірі;
 - көліктік теміржол жапсырмасының нөмірі;
 - жүктің атауы;
 - жүкжөнелтушінің, жөнелту станциясының және темір жолдың атауы;
 - бастапқы жүкжөнелтушінің атауы;
 - бастапқы белгіленген станцияның және темір жолдың атауы;
 - жаңадан тағайындалған станцияның және темір жолдың атауы;
- жаңа жүкқабылдаушының атауы.

Жүктерді қайта бағыттау әрі қарай тасымалдаудың жаңа құжаттарын толтырумен жүргізіледі. Қайта бағыттау жол бойында Көліктік жарғыда көрсетілген жағдайлардың болуы кезінде айрықша жағдай орын алады.

Мұндай жағдайлар болып мыналар табылады:

- қолжетімсіз күштердің қозғалысы, әскери іс – әрекеттер, блокадалар, эпидемия немесе жүктің әрі қарай тасымалдануына бөгет болатын басқа да жағдайлар;

- экспортқа бағытталған, жүктер қатынасында белгіленген талаптарды жүкжөнелтушінің бұзуы.

Қайта бағыттауды даярлау кезінде өтініш беруші алғашқы тасымал құжаттары бойынша жүкті тасымалдау есептемесін жүргізуге, егер теміржол көлігінде жүктерді тасымалдау есептемесі ережелерінде есептеудің басқа тәртібі қарастырылмаса, жаңа тасымалдау құжаттары бойынша барлық төлемдерді төлеуге міндетті.

7 - тақырып Жүктерді беру ережесі және жүктерді түсіру мерзімдері



Теміржол жүкқабылдаушыға өзінің мекен – жайына жүктің келгендігін жүк келген күннен кейін күндізгі сағат 12-ден кешіктірмей хабарлайды. Хабарлаудың тәртібі мен тәсілдері белгіленген теміржол станциясының бастығымен анықталады. Хабарлаудың басқадай тәртібі жүкқабылдаушының ұсынысы бойынша тағайындалады.

Егер станция жүктің келгендігі туралы хабарламаса, онда жүкқабылдаушы вагондар мен контейнерлерді қолданғандығы үшін төлемнен және жүк келгеннен кейін оны хабарлағанға дейінгі сақталуының төлемдерінен босатылады. Теміржол және жүкқабылдаушы арасында жүкқабылдаушыға оның мекен – жайына келетін жүктер жайлы алдын ала ақпарат беру келісімі жасалуы мүмкін.

Жүкті алу кезінде жүкқабылдаушы қабылдау станциясына жүкті алу құқығы бар сенімхатты (ҚР заңнамасында көрсетілген тәртіпке сәйкес дайындалған) көрсетеді. Сенімхат нақты жапсырма бойынша жүкті алуға бірретті болуы мүмкін. Бұл жағдайда тасымалдау құжаттарын қайта кредиттеуден кейін ол жол ведомостына қыстырылады. Ұйым ұзақ мерзімге берген сенімхаттың көшірмесі қабылдау станциясында сақталады.

Жүк тағайындалған теміржол станциясында жүкқабылдаушыға оның жүкті тасымалдау ақысын және басқа да есептелетін теміржол төлемдерін төлегеннен кейін беріледі. Жүкжөнелтуші жүк тасымалына және басқа да есептелетін теміржол төлемдерін төлеген жағдайда темір жол жазбаша түрдегі ескертумен жүкті ұстап қалуына құқығы бар, жүкқабылдаушы осындай хабарламаны алғаннан кейін төрт күннің ішінде жүкті алып кетуге міндетті. Егер осы көрсетілген мерзім ішінде жүкжөнелтуші жүкті тасымалдаған үшін (басқа да есептелетін теміржол төлемдерін) төлем ақысын төлемесе, ал жүкжөнелтуші жүкті ұйымдастырмаса, теміржол (егер тасымал келісімімен басқа жолы қарастырылмаса) ұстап тұрған жүкті айырбасқа беруге құқығы болады.

Вагондарда түсіру былайша жүреді:

- теміржолмен – қажетті құрылғылар мен механизмдері бар жалпы қолдану орындарында, ерекше жағдайларда, бұндай жұмыстарды жүкжөнелтуші немесе жүкқабылдаушы орындағанда болады;
- жүкжөнелтуші және жүкқабылдаушымен – жалпы қолданыстағы емес, сонымен қатар жүктерді түсіру міндетті түрде теміржолда түсіруге жатпайтын жалпы қолданыстағы орындарда.

Жалпы қолданыстағы орындарда және жалпы емес қолданыстағы орындарда контейнерлерден жүктерді түсіру жүкжөнелтуші, жүкқабылдаушы жүзеге асырылады.

Жол маңайында түсірілген жүктер реттелген және құрылысқа жақындау габариті бұзылмайтындай бекітілуі керек. 1200 мм дейінгі биіктіктегі жүктер (жолдық жұмыстарға түсірілетін балластан басқа) шеткі рельстің сыртқы төбесінің шегінен 2,0 м-ден жақын, одан жоғары биіктікте 2,5 м-ден аспауы керек.

Тағайындалу станциясында жүктерді беру кезінде теміржол жүктің жағдайын, салмағын және орын санын келесідей жағдайлармен анықтайды:

- ақауланған вагондарда, контейнерлерде жүктердің келуі, сонмен қатар зақымдалған запорлық-пломбалық құрылғымен немесе теміржол станциясының жолайы запорлық-пломбалық құрылғылары бар жүктердің келуі;
- теміржол ашық жылжымалы құраммен жүктерді тасымалдау кезінде зақымдалуы немесе бүлінуі жетіспеушілік белгілері анықталған жағдайда;
- рефрижераторлы вагондарда жүктерді тасымалдау кезінде оны жеткізу мерзімі немесе температуралық режимнің бұзылуы болған жағдайда тез бүлінетін жүктердің келуі;
- темір жолмен тиелген жүктердің келуі;
- теміржолмен жалпы қолдану орындарында жүктердің түсірілуі.

Жүкті түсіргеннен кейін вагондар, контейнерлер ішінен және сыртынан тазалануы керек, олардан жүктерді бекіту талаптары шешілу керек, сонымен қатар бекітуге арналған инвентарлы шешілмейтін техникалық жағдайда жарамды жағдайға келтірілген болуы керек, оның ішінде турникеттер жүкқабылдаушымен, егер жүктерді түсіруді олар орындаса, немесе теміржолмен, егер жүктерді түсіру олармен орындалса.

8-тақырып Жүк қабылдаушының, жүк жөнелтушінің, теміржолдың жауапкершіліктері



Темір жол келісімшарт бойынша өзінің міндеттерінің орындалмағандығына немесе тиіссіз орындалғандығына жүкжөнелтушінің, жүкқабылдаушының немесе басқа да субъектілердің алдында мүліктік жауапты болады. Темір жол келісімшарт шарттарын бұзғандығы үшін Көліктік келісімшарт бабына сәйкес бекітілген жауапкершіліктің түрлері мен мөлшерлері:

1. Вагондарды, контейнерлерді жүкті тиеуге бермеуі кезінде қабылданған өтініштің орындауы.
2. Жүктерді тасымалдауға қабылданған өтінішке сәйкес рефрижераторлық вагондарды, транспортерлерді бермеуі.

Ескерту. Темір жол жүктерді тасымалдау өтінішін орындау үшін вагондарды, контейнерлерді бермеген үшін ғана мүліктік жауапты болады, ал айрықша жағдайларда, егер вагондар мен контейнерлерді бермеу жүкжөнелтушінің кінәсінен болса ондай жауаптылықта болмайды.

3. Жүкке қатысты тасымалдау тек қана вагондарда орындалатын, тар жолтабанды теміржол желілерінде жүктерді тасымалдауға қабылданған өтініштің орындалмауы.

Ескерту. Жүктерді тасымалдауға қабылданған өтініштердің орындалмауына байланысты айыппұл вагондарды, контейнерлерді пайдалану төлемақысынан тәуелсіз алынады.

Көліктік келісімшарттың 107 – бабына сәйкес темір жол жүктерді тасымалдауға қабылданған өтініштің орындалмағаны үшін айыппұл төлеуден мына жағдайларда босатылады:

1. Әскери әрекеттердің қолжетімсіз күштері.
2. Көліктік келісімшарттың 35-бабында көрсетілген жағдайларда жүктердің тиелуі тоқталған немесе шектелген жағдайда (темір жолда - қолжетісіз күштер, әскери әрекеттер, блокадалар, эпидемия немесе басқа да жүкті тасымалдауды орындауға бөгет болатын жағдайлар орын алғанда; теміржол бағыттарында – темір жол да туындаған бөгет жағдайында).

3. Тасымалданған жүктерге жүкжөнелтуші жүк тасымалына және басқа да теміржолда есептелетін төлемдердің жолақысын төлемегендігі себебінен теміржолдың вагондарды, контейнерлерді бермеуі.

Жүкжөнелтуші вагондарды, контейнерлерді олардың түсірілу, беру, тазалау және жуу жұмыстарына байланысты кешіктіруі жағдайында темір жол мұндай жүкжөнелтушіге, сондай көлемде кешіктірілген және көрсетілген тәртіппен жүктерді тмеуге беріле алмайтын вагондарды, контейнерлерді бермеудің мүліктік жауапкершілігінен босатылады.

Көліктік келісімшарттың 108-бабына сәйкес жүкті тасымалдауға қабылдағаннан бастап оны жүкқабылдаушыға бергенге дейінгі жүктің сақталмауына, егер жүкті жоғалту, жетіспеушілік немесе зақымдалуы (бүлінуі) темір жол алдын ала алмайтын немесе одан тәуелді болмайтын жағдайларға байланысты екендігін дәлелдей алмаса, теміржол мүліктік жауапты болады. Теміржолға тәуелсіз жағдайларға мыналар жатады:

- а) жүкжөнелтуші немесе жүкқабылдаушыға байланысты себептер;
- б) тасымалданатын жүктің ерекше табиғи жағдайлары;

в) жүкті тасымалдауға қабылдау кезінде жүкті сырттай тексергенде байқалған тараның немесе қаптаманың жетіспеушілігі, жүктің қасиетіне немесе белгіленген стандарттарға тараның немесе қаптаманың сәйкес келмеуі, жол бойында тараның, қаптаманың зақымдалуы;

г) дымқылдығы белгіленген нормадан асатын жүкті тасымалдауға берілетін берілімдер.

Көліктік келісімшарттың 108-бабына сәйкес теміржол тасымалдауға қабылдаған жүкті жоғалту, жетіспеушілігі немесе зақымдалуы (бүлінуі) үшін мына жағдайларда жауапкершіліктен босатылады:

а) жүк жүкжөнелтуші құрған жарамды запорлық-пломбалық құрылғымен жарамды вагонда, контейнерде келсе немесе жол бойында қайта тиеусіз жарамды қорғағыш таңбалауы немесе жарамды байламы, сонымен қатар жүктің сақтығын куәландыратын басқа да белгілері бар жарамды ашық жылжымалы құрамда келуі;

- б) жүктің жетіспеушілігі немесе зақымдалуы (бүлінуі) теміржол ашық жылжымалы құрамында жүктерді тасымалдаумен байланысты табиғи себептер болғанда;
- в) жүкті тасымалдау жүкжөнелтуші немесе жүкқабылдаушының өкілінің еріп жүруімен жүзеге асырылса;
- г) жүктің жетіспеушілігі табиғи жоғалту мен масса неттоны өлшеу қателіктерінің нормасынан аспаса;
- д) жүктің жоғалуы, жетіспеушілігі және зақымдалуы (бүліну) көліктік теміржол жапсырмасында жүкжөнелтуші көрсеткен мәліметтердің нақты емес немесе толық еместігі, сенімсіздігі нәтижесінде болса.

Көліктік келісімшарттың 109-бабында көрсетілген жағдайларда теміржол, егер жүктің сақталмауы, яғни оның жоғалуы, жетіспеушілігі және бүлінуі теміржолдың кінәсінен болғандығын талап қоюшы дәлелдеп шықса, жауапты болады.

Жүкжөнелтуші (теміржол алдында) тасымал келісімшарты бойынша өзінің міндеттерін орындамаған немесе сәйкесінше орындамаған жағдайға жауапкершілікті алады. Келісімшарт талаптарын бұзғандығы үшін жауапкершіліктің түрлері мен мөлшерлері темір жолдың Көліктік келісімшартының баптарында белгіленген.

ҚР теміржол Көліктік келісімшартының 106-бабына сәйкес жүкжөнелтуші темір жолмен қабылданған тасымалдау өтінішін орындамағаны үшін айыппұл төлеуден мына жағдайларды босатылады:

1. Жеңе алмайтын күштер, әскери әрекеттер.
2. Көліктік келісімшарттың 35-бабында көрсетілген жағдайларда жүкті тиеудің тоқтатылуы немесе шектелуі (темір жолда - қолжетісіз күштер, әскери әрекеттер, блокадалар, эпидемия немесе басқа да жүкті тасымалдауды орындауға бөгет болатын жағдайлар орын алғанда; теміржол бағыттарында – темір жол да туындаған бөгет жағдайында).

3. Жүктерді тиеу, түсіру операцияларын жүргізуге тыйым салынатын жағдайларда, сонымен қатар негізгі өндірістік қызметінің орындалуын тоқтату нәтижесінде жүкжөнелтушіде авария болғанда.

4. Жоғарыда көрсетілген жүктерді тасымалдауға өтініш бойынша жүкжөнелтушінің алдын ала келісімінсіз пайдаланылмайтын вагондарды, контейнерлерді жүкжөнелтуші берген жағдайда.

5. Тасымалдау вагондарда және тоннамен белгіленгенде жүктерді тоннамен тасымалдауға өтініштің орындалуы.

Жүкжөнелтуші вагондарға, контейнерлерге жүкті тығыздап тиеу нәтижесінде өтініште көрсетілгенге қарағанда вагондар, контейнерлер санын аз қолданған жағдайда, қолданылмаған вагондар, контейнерлерге айыппұл төленбейді. Егер жүкжөнелтуші теміржол станциясын жүкті тиеуден екі күн бұрын вагондар, контейнерлердің қолданылмауы жайында ескертсе айыппұл төлемі $1/3$ есе төмендетіледі.

Жүкжөнелтуші вагондарды, контейнерлерді пайдалану төлемінен мына жағдайларда босатылады:

1. Теміржол кірме жолында қозғалыстың тоқтауына және жүкті тиеу, түсіру операцияларын жүргізуге тыйым салатын басқа да жағдайларда, сонымен қатар жүкжөнелтушіде, жүкқабылдаушыда, портта және олардың негізгі өндірістік қызметтерін тоқтату нәтижесінде туындайтын жеңілмейтін күштер, әскери әрекеттер, блокадалар, эпидемия.

2. Теміржол вагондарды беру мен тазалау келісімшартында, теміржол кірме жолдарын пайдалану келісімшартында белгіленген темір жол вагондары, контейнерлері санынан асатын вагондар мен контейнерлерді беру.

Жүкқабылдаушы белгілі бір жағдайда жауапкершілік субъектісі болып табылады. Осылайша, ол жүк тағайындалған теміржол станциясына келгеннен кейін және оның мекен – жайына келген жүкті темір жол станциясы жүкқабылдаушыға хабарлағаннан кейін мүліктік жауапкершілікте болады.

Жүк тағайындалған теміржол станциясына келген және жүкқабылдаушы болмаған жағдайда, сонымен қатар оған жүк келгендігін хабарлау мүмкін болмаса, келісімшартта көрсетілген талап бойынша жүкжөнелтуші теміржол алдында жүкті алғаннан кейін теміржолдан жазбаша түрдегі хабарландыруға сәйкес тасымалдауға нақты төлемақы төлеу жауаптылығын алады.

Теміржол ұсынған вагондардың, контейнерлердің зақымдалуы немесе жоғалуы кезінде жүкқабылдаушы оларды жөндеуге немесе зақымдалған немесе жоғалған вагондарға, контейнерлерге олардың зақымдалу немесе жоғалу сәтіндегі бағасына сәйкес айыппұл төлеуге міндетті. Сонымен қоса, ол темір жолға вагондарды, контейнерлерді зақымдау немесе жоғалту арқылы келтірген зияны үшін айыппұл төлейді.

Жүкқабылдаушыға оларды түсіруден кейін вагондарды, контейнерлерді алып келу жауапкершілігі артылады. Ол мына жағдайларда жауапты болады:

а) түсіргеннен кейін вагондар, контейнерлер іші және сырты тазаланбаған болса, олардан, шешілмейтіндерді есептемегенде, бекітулершешілмегенде, сонымен қатар бекітудің шешілмейтін инвентарлық құралдары, оның ішінде турникеттер жарамды техникалық жағдайға келтірілмесе;

б) жүктерді түсіргеннен кейін бұзылған және ластанған вагондар тазартылмаса.